КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 25 желтоқсан №7119-23-00-2/14655 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.К.Құсманова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Астана қаласы әкімдігінің "Астана су арнасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
Жеке кәсіпкер «Абеке» Серимбетов Мурат Мирбахытович
Жеке кәсіпкер «Досмуратов» Досмуратов Айданбек Қайратұлы
Жеке кәсіпкер «Кобелеков А.М.» Кобелеков Азамат Мухамедович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің, 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Астана су арнасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны жауапкерлер жеке кәсіпкер «Абеке» Серимбетов Мурат Мирбахытович, жеке кәсіпкер «Досмуратов» Досмуратов Айданбек Қайратұлы, жеке кәсіпкер «Кобелеков А.М.» Кобелеков Азамат Мухамедович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкерлер жеке кәсіпкер «Абеке» Серимбетов Мурат Мирбахытович, жеке кәсіпкер «Досмуратов» Досмуратов Айданбек Қайратұлы, жеке кәсіпкер «Кобелеков А.М.» Кобелеков Азамат Мухамедович мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер Серимбетов Мурат Мирбахытович жеке кәсіпкері мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер Досмуратов Айданбек Қайратұлы жеке кәсіпкері мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер Кобелеков Азамат Мухамедович жеке кәсіпкері мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.К. Құсманова**

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 25.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 05.02.2024, судья Кусманова А. К., 07.02.2024